

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы
Табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол
бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 шілде N 274

Сеулде 1997 жылғы 18 қазанда жасалған Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа қосарланған
салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы
конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Корея Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған
салық салуды болдырмау және табыс салығына қатысты
салық салудан жалтарудың алдын алу туралы
Конвенция

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі
арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға
қатысты салық салудан жалтарудың алдын алу туралы конвенция жасауға ниет
білдіре отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Конвенция қолданылатын тұлғалар

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің
де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

Конвенцияның күші жүретін салықтар

1. Конвенцияның күші жүретін, қазіргі бар салықтар келесілер болып табылады, атап айтқанда:

а) Қазақстан Республикасында.

(бұдан әрі "Қазақстан салығы" деп аталатын)

(i) заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық;

(ii) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтар.

б) Корея Республикасында.

(бұдан әрі "Корея салығы" деп аталатын)

(i) табыс салығы;

(ii) корпоративті салық;

(iii) тұрғаны үшін салынатын салық;

(iv) ауылдық жерді дамытуға салынатын арнайы салық.

2. Конвенция сондай-ақ, Конвенцияға қол қойылған күннен кейін, қазіргі бар салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары олардың тиісті салық заңдарына енгізілетін кез келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

Жалпы анықтамалар

1. Егер контекстен өзгесі туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "Қазақстан" термині, Қазақстан халықаралық құқыққа сәйкес белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салық заңдары қолданылатын аумақты суларды, ерекше экономикалық аймақты және континенттік шельфті қоса алатын, Қазақстан Республикасының аумағын білдіреді;

б) "Корея" термині, Корея Республикасының аумақтық теңізіне жанасып жатқан, шектерінде теңіз табанына және топырақ астына және олардың табиғи ресурстарына қатысты Корея Республикасының егемендік құқықтары жүзеге асырылып жатқан аудан

ретінде халықаралық құқыққа сәйкес белгіленген кез келген кеңістікті қоса алғанда, Корея Республикасының аумағын білдіреді;

с) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекстке қарай Қазақстанды немесе Кореяны білдіреді;

д) "салық" термині контекстке қарай Қазақстан салығын немесе Корея салығын білдіреді;

е) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны немесе тұлғалардың кез келген басқа бірлестігін білдіреді;

ф) "компания" термині салық салу мақсаты үшін корпоративті бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпоративті бірлестікті немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

қ) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

h) ұлттық тұлға" термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің азаматтығын алған кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің қолданылып жүрген заңдары негізінде өз статусын алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе ассоциацияны білдіреді;

i) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпорын пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің кез келген тасымалын білдіреді;

j) "құзыретті орган" термині:

(i) қазақстан жағдайында Қаржы министрлігін немесе оның өкілетті уәкілін;

(ii) Корея жағдайында Экономика және қаржы министрін немесе оның өкілетті уәкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияда анықталмаған кез келген терминді қолданғанда, егер контекстен өзгесі туындамаса, осы Мемлекеттің заңы бойынша Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты қандай мағынада болса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап

Резидент

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басшы орны немесе бас кеңсесі, басқару орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа критерийі негізінде салық салынатын кез келген тұлғаны білдіреді. Алайда бұл

термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты осы Мемлекетте салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелерінің негізінде жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болған жағдайда оның статусы былай анықталады:

a) ол оның иелігіндегі тұрақты үйі орналасқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзінің иелігінде тұрақты үйі болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

b) егер оның өмірлік мүдделері бар Мемлекетті анықтау болмаса немесе, оның Мемлекеттердің бірде біреуінде өзінің иелігінде тұрақты үйі болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

c) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың бірде-біреуінде тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

d) егер ол екі Мемлекеттің де азаматы болса немесе екеуінің бірде біреуінің азаматы болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармақ ережелерінің себебінен жеке тұлғадан

өзгесі Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда ол басты немесе бас кеңсесі орналасқан Мемлекеттің резиденті болып саналады. Күдік келтірген жағдайда, Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

5-бап

Тұрақты мекеме

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

a) басқару орны;

b) бөлімше;

c) кеңсе;

d) фабрика;

e) шеберхана; және

f) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи

ресурстар өндірілетін кез келген басқа орын.

3. "Тұрақты мекеме" термині, сондай-ақ мыналар кіреді:

а) егер тек қана осындай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бар болса немесе мұндай қызмет көрсетулер 12 айдан астам уақыт көрсетілсе, құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектілерін немесе олармен байланысты бақылау не болмаса консультациялық қызмет көрсетулер; және

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы мен ғимаратты немесе олармен байланысты бақылау не болмаса консультациялық қызмет көрсетулерді немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын, егер тек қана мұндай пайдаланулар 12 айдан астам уақыттан созылатын болса немесе мұндай қызмет көрсетулер 12 айдан астам уақыт көрсетілсе, бұрғы қондырғысы не болмаса кемелер.

4. Осы Баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, "тұрақты мекеме" термині мыналарды:

а) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету не болмаса жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорын үшін ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген қызмет түрін жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнын а)-дан е) тармақшаларда келтірілген қызмет түрлерінің кез келген тәсілін, егер қызметтің тұрақты орнының осындай тәсілдің нәтижесінде туындайтын жиынтық қызметінің дайындық немесе көмекші сипаты болған жағдайда, жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтиды деп қарастырылмайды.

5. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, оған 6-тармақ қолданылатын, тәуелсіз статусы бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте әдетте кәсіпорынның атынан келісім-шарттар жасасуға өкілеттігін пайдаланса, онда бұл кәсіпорын осы Мемлекетте осы тұлғаның кәсіпорын үшін жасайтын кез келген қызметке қатысты, егер мұндай тұлғаның қызметі 4-тармақта аталған шектелетінін, егер ол тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылып жатқанын, бұл қызметтің тұрақты орнын осы тармақтың ережелеріне сай тұрақты мекемеге айналдырмайтынын қоспағанда, тұрақты мекемесі бар ретінде қаралады.

6. Кәсіпорын Уағдаласушы Мемлекетте брокер, комиссионер немесе тәуелсіз статусы бар кез келген басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде саналмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқалай жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өздігінен екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан табысты қоса алғанда) алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүліктің узуфруктысын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды; теңіз Және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан жалға беруден немесе жылжымайтын мүлікті кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен табысына және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қолданылады.

7-бап

Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналысып жатпаса кәсіпорынның алған пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер

кәсіпорын жоғарыда аталған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырып жатса, онда кәсіпорынның табысына екінші Мемлекетте, бірақ тек осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана салық салынады.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысып жатса, онда оның осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын ретінде алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде басқару және жалпы әкімшілік шығындарын, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқа жерде және жұмсалғанына қарамастан, шегеріп тастауға болады.

4. Тұрақты мекеменің кәсіпорны үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу негізінде ғана тұрақты мекемеге қандай да болмасын пайда есептелмейді.

5. Осы Баптың мұның алдындағы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер тек мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жылма-жыл бірдей тәсілмен анықталады.

6. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында бөлек айтылған

табыс түрлерін қамтыған жағдайда бұл Баптардың ережелерін осы Баптың ережелері қозғамайды.

8-бап

Теңіз және әуе көлігі

1. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелері пульда, бірлескен қызметке немесе халықаралық операциялық агенттікке қатысудан пайдаға да қолданылады.

9-бап

Ассоциацияланған кәсіпорындар

1. Мына жағдайларда:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда; немесе

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны мен екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда,

және әрбір жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық немесе қаржы қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында жасалуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда олардың біреуіне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорынның арасында қалыптасқан жағдайлар тәуелсіз екі кәсіпорын арасындағыдай болған жағдайда бірінші аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер енгізуі тиіс. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері тиісті дәрежеде қаралуға тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен ақылдасып отырады.

10-бап

Дивидендтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып отырған Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер дивидендтердің нақты иесі болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер нақты иесі дивидендтер төлейтін компания капиталының 10 процентінен астамына иеленетін компания болып табылатын болса, дивидендтің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтің жалпы сомасының 15 процентінен аспайды.

Бұл тармақ дивидендтер төленіп отырған компанияға қатысты пайдасына салық салуға қатысы жоқ.

3. "Дивидендтер" термині осы Бапта пайдаланғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан кірісті, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді нақ сондай салық салуды реттейтін басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлеп отырған, сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және соған қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы Баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе кіріс алып жатса, онда екінші Мемлекет компания төлеп жатқан дивидендтерден, егер мұндай дивидендтерді осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленіп жатқан холдинг осы екінші Мемлекетте тұрған мекемемен немесе тұрақты базамен шын мәнісінде байланысты болғанды қоспағанда, кез келген салықты алмайды, тіпті егер төленіп жатқан дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Мемлекетте туындаған пайдадан немесе кірістен толық немесе ішінара құралған болса да компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайдаға салынатын салыққа ұшыратпайды.

6. Бұл Конвенциядағы ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне жататын компанияның пайдасына осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып отырған компанияның пайдасына есептелген салыққа қосымша салық салуға бөгет ретінде түсінілмейді, егер кез келген қосымша салық бұрынғы салық салынатын жылдары мұндай қосымша салық салынбаған мұндай пайда сомасының 5%-тінен аспаса. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда, осы тармақта айтылған, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын қосымша салықтан өзге барлық салықтарды шығарғаннан кейін анықталады.

11-бап

Проценттер

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы проценттердің нақты иесі болып табылса, осылайша алынатын салық проценттердің

жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. Осы Баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттер пайда болған проценттер, егер олар басқа екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметінен алынған және іс жүзінде соған немесе оның жергілікті өкімет орнына ие болмаса осы Үкіметтің кез келген агенттігіне не өкіметтің жергілікті органына тиесілі болса, немесе егер олар осы Үкіметтің кез келген агенттігі немесе өкіметтің жергілікті органы берген немесе кепілдік берген займға қатысты төленетін болса, осы Мемлекеттегі салықтан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланғанда кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген кез келген түрдегі борыш талаптарынан алынған табысты және қарызгерлердің кірісіне қатысуға құқық беретін немесе бермейтін және атап айтқанда, мемлекеттің құнды қағаздарынан алынған табыс пен облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған табысты, соның ішінде осы құнды қағаздар, облигациялар немесе борыш міндеттемелері бойынша алынған сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Осы Баптың мақсаттары үшін уақытылы өтелінбеген төлемдер проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал төленетін проценттерге қатысты борыш міндеттемесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, осы Баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі, осы Мемлекеттің саяси-әкімшілік бөлімшесі, өкіметтің жергілікті органдары немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер осы Мемлекетте туындаған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға оның Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынын, табылмайтынын Уағдаласушы Мемлекеттер тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты проценттер төленетін қарыз туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қайсыбір басқа бір тұлға арасындағы арнайы қатынастардың себебімен борыш талабына қатысты және соның негізінде төленетін проценттер сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы

Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

12-бап

Роялти

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге сондай-ақ олар есептейтін Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы роялтидің нақты иесі болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда әдебиет, өнер немесе ғылыми шығармаларға берілетін авторлық құқықтың кез келгенін пайдаланғаны үшін немесе ұсынғаны үшін, соның ішінде кинематографиялық фильмдерді немесе фильмдерді, не болмаса радио, не болмаса телехабарларын тарату үшін пленкаларды, кез келген патентті, сауда маркасын, дизайнды немесе үлгіні, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті немесе өнеркәсіптік, коммерциялық не болмаса ғылыми жабдықтарды немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын беруді қоса алғанда, сыйақы ретінде алынатын кез келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін роялтиге қатысты құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы Баптың 1 және 2-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің өзі саяси-әкімшілік бөлімше, өкіметтің жергілікті органы немесе осы Мемлекеттің резиденті болса, роялти сомасы осы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялти осы тұрақты мекеме немесе тұрақты базаға байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басты бір тұлға арасында ерекше қатынастар болуының салдарынан

пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кеткен жағдайда, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

13-бап

Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің 6-бапта айтылған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан қозғалмайтын мүлікті шеттетуден алған табыстарына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан мүлкі негізінен тікелей және жанама (яғни 75 % тең немесе артық) қозғалмайтын мүліктен тұратын компанияның акционерлік капиталында ресми танылған қор биржасында елеулі және тұрақты негізде сатылатын акциялардан өзге акцияларды шеттетуден Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің алған табыстарына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттері ие болып отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын қозғалмалы мүлікті немесе шеттерден тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі резидентінің қарамағындағы тұрақты базасына жататын қозғалмалы мүліктен алатын табыстарына, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке немесе барлық кәсіпорындармен бірлесіп) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынған осындай табыстарды қосқанда осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін шеттетуден немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға қатысты қозғалмалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға тек осы кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Осы Баптың 1,2,3 және 4-тармақтарында аталатындардан басқа кез келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын тек сол Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

Тәуелсіз жеке қызметтер

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіптік қызметтерге немесе тәуелсіз

сипаттағы басқа қызметке қатысты алған табысына, егер оның осындай қызметін іске асыру мақсаттары үшін тұрақты негіздегі екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты базасы болмаса, салықты тек қана осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер оның осындай тұрақты базасы болатын болса, тұрақты базаға қатысты ағымдағы шығыстарды шегере отырып табысына, салық осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана екінші Мемлекетте салынуы мүмкін.

2. "Кәсіптік қызметтер" терминіне, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заң қызметкерлерінің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-бап

Тәуелді жеке қызметтер

1. Егер жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, 16, 18, 19, 20 және 21-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекет резиденттің жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақысын, жалақысын және басқа да осындай сыйақысына, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылған болса, ол жақтан алынған осындай сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте атқарылатын жалдау бойынша жұмысына байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) алушы тиісті фискальды жылда басталатын және аяқталатын кез келген 12 ай созылған кезеңінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезеңде немесе кезеңдер бойы екінші Мемлекетте тұрса;

б) сыйақыны жалдаушы төлесе немесе ол екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушының атынан төленсе, және

в) сыйақыны жалдаушының екінші Мемлекеттегі ие болып отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе.

3. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымалда Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады.

16-бап

Директорлардың сыйақылары

Директорлар қаламақылары мен басқа осыған ұқсас Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекет резидентінің алған осындай төлемдеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

Артистер мен спортшылар

1. 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе теледидар артист немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде өз қызметін екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы сипатында атқаратын жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда 7, 14 және 15-баптардың ережелеріне қарамастан осы табысқа өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Осы Баптың 1 және 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын өнер қызметкері немесе спортшылардан екі Уағдаласушы Мемлекет үкіметтерінің арасындағы келісілген мәдени алмастырудың арнайы бағдарламасы бойынша екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алынған табыстар осы екінші Мемлекетте салық салынуудан босатылады.

18-бап

Зейнетақылар

1. 19-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жүзеге асырған жұмыстары үшін төленетін зейнетақылар және басқа да осыған ұқсас сыйақыларға және осындай резидентке төленетін кез келген аннуитетке тек осы Мемлекетте салық салынады.

2. "Аннуитет" термині ақшамен немесе "ақшаға шаққандағы" баламалы және толық өтемақының орнын толтыру үшін осындай төлемдер қабылданған міндеттеме кезінде бүкіл өмір бойы немесе айқындалған немесе белгіленетін кезеңге белгіленген уақытта жеке тұлғаға мерзімді төленіп тұратын белгіленген соманы білдіреді.

19-бап

Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы жеке тұлғаға осы Мемлекетке немесе әкімшілік бөлімшесіне немесе жергілікті өкімет органына көрсетілетін қызметтерге қатысты төлейтін зейнетақыдан өзге сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай сыйақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса мынадай жағдайларда салық салынады:

(i) осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе

(ii) қызметін іске асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорлардан осы Мемлекет немесе бөлімше немесе өкімет органы үшін жүзеге асыратын қызметтеріне қатысты жеке тұлғаға төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15, 16 және 18-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның саяси-әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті өкімет органының жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметіне байланысты көрсетілетін қызметке қатысты сыйақыларға және зейнетақыларға қолданылады.

4. 1 және 2-тармақтың ережелері осындай түрде Хаттамада айқындалғандай және келісілгендей өкіметтік сипаттағы қызметті ұсынатын ұйымдар төлейтін сыйақыларға немесе зейнетақыларға қатысты қолданылады.

20-бап

Студенттер

Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек қана оқу немесе біліктілігін көтеру мақсатында тұрып жатқан, мамандық алу оқудағы студенттің немесе тұлғаның өзінің тұруы, оқуы және білім алуы үшін алатын төлемдеріне, мұндай төлемдер осы Мемлекеттен тыс көздерден алынатын жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

21-бап

Профессорлар мен оқытушылар

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған жеке тұлға екінші Уағдаласушы Мемлекетке келер алдында және осы екінші Мемлекет үкіметінің кез келген университетінің, колледжінің, мектебінің немесе басқа осы сияқты білім беру мекемелерінің шақыруымен осы екінші Мемлекетке бірінші келген Күнінен бастап екі жылдан аспайтын уақыт кезеңінде коммерциялық емес сипатта келіп тұрады, осы екінші Мемлекетке бірінші келген Күннен бастап екі жылдан аспайтын уақыт кезеңінде осы екінші Мемлекетке тек қана оқытушылық немесе зерттеушілік мақсатпен немесе осы және басқа осындай білім беру мекемесіне келіп тұрады, осындай оқытушылығы немесе зерттеуі үшін өзінің сыйақысы бойынша осы екінші Мемлекетте салық салынудан босатылады. Осы Бап, егер мұндай зерттеу қоғамдық мүдделерде емес, ең бастысы жеке адамның немесе адамдардың жеке пайдасы үшін қабылданса зерттеуден түскен табысқа қолданылмайды.

22-бап

Басқа табыстар

1. Осы Конвенцияның мұның алдындағы Баптарында қаралмаған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне олар қайда пайда болғанынан тәуелсіз тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің бірінің резиденті бола отырып, екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп отырған табысқа қатысы бар құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы Баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Бұл жағдайда ретіне қарай 7-Баптың немесе 14-Баптың ережелері қолданылады.

23-бап

Қосарланған салық салуды жою

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу төмендегідей әдіспен жойылады:

а) Егер Қазақстан резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес табыс алатын болса, Қазақстан осы резиденттің табысына салынатын салықтан Кореяда төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

Осындай шегерім қандай жағдайда да Қазақстанда осындай табысқа оның қолданыстағы ставкалары бойынша есептелген салықтан аспауы керек.

б) Егер Қазақстан резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек қана Кореяда салық салынатын табысты алатын болса, онда Қазақстан осы табысты салық салу базасына, бірақ тек Қазақстанда салық салынуға жататын осындай басқа табыс салығының ставкаларын бекіту мақсаты үшін ғана енгізе алады.

2. Корея жағдайында қосарланған салық салу төмендегідей әдіспен жойылады:

Кореядан басқа кез келген елде (жалпы принципті өзгертпейтін) төленетін салық Корея салығы бойынша есепке алу ретіндегі рұқсатты қарастыратын корейлық салық заңының ережелеріне сәйкес, Қазақстан заңдары бойынша және осы Конвенцияға сәйкес төленетін Қазақстан салығы Қазақстан көздерінен табыстарға қатысты тікелей немесе шегерім жолымен осы табыс қатысында төленетін Корея салығы бойынша есепке алу ретінде рұқсат берілуі керек. Қазақстанның ішкі көздерінің табысынан салық бойынша есеп алу Кореялық салық салынуға жататын бірлескен табыстан төленетін Корея салығының сол бөлігінен аспауы керек.

24-бап

Кемсітпеу

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары әсіресе нақ осындай жағдайларда осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе соған байланысты кез келген талап қоюға ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ, 1-Баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы мемлекетте бар тұрақты кәсіпорнына салық салу дәл осындай қызметті жүзеге асырып жатқан, осы екінші Мемлекеттің кәсіпорындарына осы екінші Мемлекеттегі салық салудан қолайлылығы кем болмауға тиіс. Бұл ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекет резиденттеріне олардың азаматтық статусының немесе отбасылық міндеттемелерінің негізінде салық мақсаттарында олардың меншікті резиденттеріне беретін қайсыбір персоналдық жеңілдіктер, босатулар және шегерулер жасауға міндеттейді деп түсінілмеуге тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай

төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

4. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылап отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты талаптарға қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты талап қоюға бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

5. Осы Баптың ережелері, 2-Баптың ережелеріне қарамастан, кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

25-бап

Өзара келісу рәсімі

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептесе, ол, осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайына 24-баптың 1 тармағы қолданылатын болса, өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына бере алады. Арыз Конвенциясының ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыс жасай алады. Егер келісімге жету үшін ауызша пікір алмасу дұрыс болып көрінсе, мұндай пікір алмасу Уағдаласушы Мемлекеттер құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын Комиссия мәжілісінің шеңберінде болуы мүмкін.

26-бап

Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпаратпен алмасып тұрады. Ақпарат алмасу 1-баппен шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалаумен немесе осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарын қоса алғанда) жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттерге міндеттеме жүктейтіндей пайымдалмауы тиіс:

- а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын жүргізу;
- б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;
- с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру.

27- бап

Дипломатиялық агенттер және консулдық қызметкерлер

Осы Конвенциядағы ешнәрсе де дипломатиялық агенттердің мүшелерінің немесе консулдық қызметкерлердің халықаралық құқықтың жалпы нормаларына немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

28-бап

Күшіне енуі

1. Осы Конвенция бекітуге жатады және бекіту туралы құжаттар алмасу мүмкіндігінше жақын арада Алматы қаласында жүргізіледі. Конвенция бекіту туралы құжаттар алмасу өткен күннен кейін 30-шы күні күшіне енеді.

2. Конвенция:

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейін күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе кейін табыс көзінен ұсталынатын салықтарға, және;

б) Конвенция күшіне енген жылдан кейін 1 қаңтардан бастап немесе кейін салық салынатын жылда басқа да салықтарға қатысты қолданылатын болады.

29-бап

Күшін тоқтату

Әрбір Уағдаласушы Мемлекет бекіту туралы құжаттармен алмасу болған жылдан кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың бесіншісінен бастап отызыншы немесе отызыншы маусымға дейін екінші Уағдаласушы Мемлекетке дипломатиялық арналар бойынша қолданысын тоқтататыны туралы жазбаша хабар бере алады және мұндай жағдайда Конвенция:

а) қолданысын тоқтату туралы хабар берілгеннен кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе кейін табыс көзінен ұсталынатын салықтарға қатысты;

б) қолданысын тоқтату туралы хабар берілгеннен кейін жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе кейін басталатын салық жылына салынатын басқа салықтарға қатысты өзінің қолданылу күшін тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін өздерінің сыйлы Үкіметтерінен өкілеттік

алған төмендегі қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Сеул қаласында 1997 жылдың қазан айының 18 күні әрқайсысы екі данада қазақ, корей және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндірмеде алшақтық туа қалған жағдайда, ағылшын мәтіні айқындаушы болады.

Қазақстан
Республикасының
Үкіметі үшін

Корея
Республикасының
Үкіметі үшін

Хаттама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс салығына қатысты

салық салудан жалтарудың алдын алу туралы (осы жерде бұдан әрі "Конвенция" деп аталатын) Конвенцияға қол қою кезінде қол қоюшылар Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын төмендегі ережелер жөнінде келісті.

1. 3-Баптың 1-тармағының е) тармақшасына қатысты "серіктестік"

термині қатысушылардың әрқайсысының ақшасын, мүлкін, еңбегін немесе дағдыларын енгізумен және барлығы табыс пен шығынды бөлісуге қатысады деген болжаммен сауда немесе кәсіпкерлік қызметте жүзеге асыру үшін екі немесе одан да көп тұлғаның бірігуін білдіреді. Осы Конвенцияда заңды тұлға болып табылмайтын серіктестік салық салынатын бірлік ретінде қарастырылмайды. Серіктестіктің салық салынатын табысы немесе шығындары әріптестерге ауыстырылады.

2. 11-Баптың 3-тармағы мақсатында "кез келген агенттік" термині:

а) Қазақстан жағдайында:

- (i) Қазақстанның Ұлттық Банкін;
- (ii) Қазақстанның Халық Банкін; және
- (iii) Қазақстанның Экспорт-Импорт Банкін;

б) Корея жағдайында:

- (i) Корея Банкін;
 - (ii) Кореяның Экспорт-Импорт Банкін; және
 - (iii) Кореяның Даму Банкін
- білдіреді.

3. Егер Уағдаласушы Мемлекет Экономикалық Бірлестік және Даму Ұйымының мүшесі болып табылатын осы Уағдаласушы Мемлекет пен үшінші Мемлекет арасындағы кез келген Конвенцияда 11-Баптың 2-тармағындағы немесе 12-Баптың 2-тармағындағы 10 проценттен аз салық ставкасына келісетін болса және осы Конвенция осы Конвенцияның күшіне ену күнінен кейін күшіне енетін болса, Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органын осы үшінші Мемлекетпен

Конвенцияның тиісті тармақтарының шарттары туралы осы Конвенция күшіне енген күннен кейін тез арада хабарлауы керек және осындай ең төмен салық ставкасы ондағы жағдайларға байланысты 11-баптың 2-тармағындағы немесе 12-Баптың 2-тармағындағы 10 проценті ауыстыруы керек.

4. 19-баптың 4-тармағының мақсатында "үкіметтік сипаттағы қызметті атқаратын ұйымдар" термині:

а) Қазақстан жағдайында:

(i) Қазақстанның Ұлттық Банкін;

(ii) Қазақстанның халықтық Банкін; және

(iii) Қазақстанның Экспорт-Импорт Банкін.

білдіреді.

б) Корея жағдайында.

(i) Корея Банкін;

(ii) Кореяның Экспорт-Импорт Банкін; және

(iii) Кореяның сауданы және инвестицияларды қолдау жөніндегі

агенттігін білдіреді.

Осыны куәландыру үшін өздерінің сыйлы Үкіметтерінен тиісінше өкілеттік алған төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

Сеул қаласында 1997 жылдың қазан айының 18 күні екі данада қазақ, корей және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда, ағылшын мәтіні айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының	Корея Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.